

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРҒА ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ТАРТУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ: ТҮСІНІГІ, ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ибайдуллаева Ботагөз

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Марат Н.М.

Минералды шикізат базасы, әсіресе мұнай, Қазақстан үшін күн көру құралы және болшақ гүлденуінің түп тірегі, егемендігінің белгісі болып табылады. Қазір мұнай, газ, көмір, мыс, уран, алтын және басқа пайдалы қазбалардың ірі-ірі кенорындары игерілуде. Сонымен қатар Каспий теңізі қайраңында елдің келешек резерві болатын мұнай мен газ бар. ССРО тараған соң қайтадан жаңа құрылған мемлекеттерде, әсіресе Каспий аймағындағы мемлекеттерде (Әзірбайжан, Қазақстан, Түркіменстан, Ресей), мұнайға бай кенорындарын игеру былай тұрсын, пайдалы қазбалар алудың совет дәуірінде қол жеткізген деңгейін ұстап тұруға қаржылары болмады. Сол себепті олар батыс елдерінен және трансұлттық энергетикалық корпорациялардан қаржылық көмек сұрауға мәжбүр болды. Батыстың бағамдауынша, Каспий теңізі деген - екінші Парсы шығанағындай көрінді, соның себебінен энергетикалық көптеген корпорация, ең алдымен, мұнай мен газ кенорындарын ауқымды деңгейде игеру үшін аталған елдерге инвестициялар салуға мүдделі болды. Ондай инвестициялар Каспий өңіріне келді де. Қазір Каспий маңындағы мемлекеттерде жер қойнауын игеру ісіне жер қойнауын пайдалану операцияларымен ғана емес, кенорындарына қызмет көрсетумен, инфрақұрылыммен айналысатын да әлемдік шаруашылық субъектілері қатысуда. Әлемдік энергетикалық компаниялардың, ықпалды қаржылық лоббистердің, Батыстың жоғары үкіметтері айналасынан өкілдердің Каспий өңіріне мұншалық ұмтыла қаптауының мынадай себептері болды:

1) дамыған елдер экономикасындағы энергоресурстар қажеттегінің күннен-күнге өсіп келе жатқаны оларды өз энергетикалық қауіпсіздігін қамдауға итермеледі;

2) Каспий маңындағы саяси жүйелері жеткілікті дамымаған мемлекеттердің алауыздығы (нақты демократиялық институттардың болмауынан жүйе ел басшысының билігіне бағдарланды), ықпалды ұжымдық шартпен, мысалы ОПЕК елдерінің шартымен, қорғалмағандық, бұл мемлекеттердің бәрінің басындағы ұзаққа созылған өтпелі кезеңдегі саяси және экономикалық қиындықтар;

3) мұнай бизнесінің пайдалылығы және бұл салаға капитал салу ісіндегі қатал бәсекелестік [229].

Осыған орай АҚШ Президенті Барак Обаманың: «Энергия әлемдік экономиканың әр түйір еті мен тамыры арқылы ағады, ал Қазақстан келесі онжылдықтарда оны ОПЕК құрылымынан тыс әлемдік деңгейдегі жеткізуші елдің біріне айналады», - деген сөзін АҚШ Энергетика министрінің орынбасары Дэниел Понеманның «KIOGE-2009» халықаралық мұнай форумында жеткізуі кездейсоқ оқиға емес ^[268].

Өткен ғасырдың 90-жылдарында Қазақстанда пайдалы қазбалар кенорындарын игеру жоспарын жүзеге асыру үшін шетел капиталын тартудан басқа амал болмады.

Осындай жағдайда Қазақстан Республикасы жалғыз ғана дұрыс шешім қабылдады: ол - шетелдік инвестицияға жол ашу. Бұл істе ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сіңірген еңбегі зор: ол - жер қойнауын пайдалану саласына өз капиталын салмақ алғашқы инвесторлармен келіссөздерге тікелей өзі қатысып отырды. Сол жылдары, мұнай-газ секторындағы қатынастарды реттеудің лайықты саясаты, нарық экономикасының дамуына арналған тиісті заңнамалық тірек жасалмай тұрғанда, өнеркәсіпті дамыту түгілі, әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге қажет қаражаттың қаттығын бастан өткеріп жатқанда, Қазақстан жер қойнауын пайдалану саласына шетелден алғашқы елеулі инвестицияларды тарта білді..

Инвесторлардың құқықтық мүддесін қамдамас бұрын «инвестициялар» дегеннің өзі не екенін анықтап алу артық болмайды. Қарапайым түсіндірсек, бұл - ел ішінде және шетелде

экономиканың жекелеген салаларына ұзақ уақытқа капитал салу. Заң әдебиеттерінде «инвестицияларға» (нем. Investition, лат. Investio, ағыл. Investments - капитал салу) мынадай анықтама береді: инвестициялар - пайда табу үшін және (я) басқа да пайдалы тиімділікке қол жеткізу үшін кәсіпкерлік және (я) басқа қарекет нысандарына салынатын ақшалай қаржы, бағалы қағаздар, басқа да мүліктер, соның ішінде ақшалай бағаланатын мүліктік құқық пен басқа құқықтар [186, 225-б.]. Байқап отырғанымыздай, «инвестициялар» мен «капитал салу» ұғымдары - синонимдес ұғымдар, іс жүзінде де бұлар бір-ақ нәрсені білдіреді.

Дей тұрғанмен, мойындауымыз керек, Қазақстанның инвестициялық заңнамасы өткен он жыл ішінде өзгеріп, толықтырылып, жетілдірілді; заң ғылымында инвестициялық құқық қазақстандық құқықтың бір саласы, оқу пәні ретінде пайда болып, орнықты; инвестициялық қарекетті құқықтық реттеуге арналған іргелі еңбектер жарық көрді.

Инвестициялық заңнама дамуының осы кезеңінде, 1991 жылы 10 маусымда, «Қазақ ССР-ндағы инвестициялық қызмет туралы» Заң қабылданды. Бұл заң ішкі инвестицияларды тартуға белгілі бір құқықтық база жасады және ел аумағындағы инвестициялық қарекеттің негізгі құқықтық шарттары мен кепілдіктерін анықтады, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен инвестициялық қарекет субъектілерінің өкілеттігі мен міндеттерін белгіледі.

2000 жылдан бастап Қазақстан іс жүзінде ішкі дағдарыстан шықты; нарықтық экономикаға негізделген тиісті экономикалық базасын жасады; биліктің қажетті саяси институттарын құрды; мемлекеттік емес банктер жүйесін түзді; экономикаға, соның ішінде жер қойнауын пайдалану саласына да, едәуір шетелдік инвестициялар тартты. Енді ол егеменді мемлекет ретінде елдегі экономиканың жаңа болмысы мен саяси ахуалға орай ойын ережесін өзгертуге, жаңа құқықтық база жасауға хақылы болатын. Сондықтан жаңа инвесторлар, соның қатарында шетелдік инвесторлар да, өз қарекеттерін жаңа заңнамалық талаптарға сәйкес жасауға тиіс болды.

2004 жылы жаңадан «Инвестициялар туралы» ҚР Заңының қабылдануы әбден заңды. Отандық және шетелдік инвесторлар үшін бірдей тұтас нормативті құқықтық акт қажет болып еді. Алайда заңнамашының осы заңды әзірлеу мен қабылдау кезіндегі тұжырымдамалық және әдіснамалық амал-тәсілдерін жаңсақ болды деп ойлаймыз. Бұл заңға негіз етіп отандық инвесторларға қолданылатын нормативті ережелерді емес, «Шетелдік инвестициялар туралы» ҚР Заңының жетілдірілген әрі анағұрлым озық қағидаларын алу керек еді. Бұл заң бойынша кез келген инвесторға инвестициялық преференциялар экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктемесіндегі топтар деңгейінде ҚР Үкіметі бекітетін тізімдегі қарекеттердің басымдығы бар түрлеріне орай ғана беріледі. Жер қойнауын пайдалану саласы, әсіресе мұнай-газ секторы, экономиканың қашан да неғұрлым тартымды секторы болған, болып қала беретіні де белгілі. Бұл сектор экономиканың басқа салаларына қарағанда салынған инвестицияларды тез қайтаруға мүмкіндік беретін анағұрлым табысты болуы себепті шетелдік инвесторлар үнемі осы секторға түсуге ұмтылады.

Қазақстанның басты байлығының бірі - оның жер астындағы қазынасы. Әлемнің озық елдері ғалымдарының бағалауынша, Қазақстан табиғи ресурстар қоры жағынан дүние жүзінде алтыншы орын алады екен. Кей ғалымдардың есептеуінше, Қазақстан жер қойнауының табылған қоры шамамен 10 триллион АҚШ долларымен бағаланады ^[95]. «Moody's Investors Service» және «Standart&Poor's» халықаралық агенттіктері Қазақстандағы пайдалы қазбалар қорын былайша таразылайды.

Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары

р/н	Пайдалы қазба түрі	Анық қоры	Әлемдегі орны
1	Хром	350 млн. тонн	1
2	Қорғасын	14.8 млн. тонн	1
3	Мырыш	34 млн. тонн	1
4	Уран	900,000 тонн	2
5	Мыс	40 млн. тонн	4

6	Мұнай	2.7 млрд. тонн	7
7	Темір	17 млрд. тонн	7
8	Алтын	1,900 тонн	9
9	Табиғи газ	1.830 млрд. м ³	15

Қазақстан экономикасы, басқа да көршілес елдердің, мәселен, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан т.с.с елдердеің экономикасы сияқты, едәуір дәрежеде минералды ресурстарды пайдалануға, бірінші кезекте мұнай мен газды өндіру мен сатуға тәуелді. Сонымен қатар Қазақстан минералды шикізат қорының құнды болуы жер қойнауын пайдалануды дамытудың экономикалық жоспарын орындау мен пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруде қолданылатын технологияларға ғана байланысты емес, осы қатынастарды реттеуге арналған құқықтық нормалар жүйесінің деңгейіне де сондай байланысты.

Жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарды айнытпалы ететін айғақтардың бірі - заңдардың жиі өзгере беретіндігі. Мұның өзі бұл қатынасқа түсушілердің наразылығын туғызады. Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану заңдарына енген өзгерістердің тұтастай сыни талқыға салмай-ақ, жер қойнауын пайдаланушы құқығына қатысты анағұрлым салмақты өзгерістер мен толықтыруларға ғана тоқталайық.

Мәселен, 1995 жылдың 28 маусымындағы № 2350 «Мұнай туралы» ҚР Заңының 30-5-бабына 2004 жылдың желтоқсанында енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды терең ойластырылып, нық негізделген деп айта алмайсыз. Бұл заңнамалық жаңалық газды шырақтарда жағып жіберуге толықтай тыйым салды, ал мұнай-газ саласындағы қазақстандық кәсіпорындардың бір де бірінде ол кезде газды жақпай кәдеге асыратын технология жоқ болатын. Сөйтіп, мұнай-газ саласындағы өндіріс орындары «заңнан тыс, заңға бұратана» болып шыға келді, бұл оларға миллиондаған доллармен есептелетін материалдық сипаттағы қатаң санкциялар салуға әкеп соқты. Мұнай-газ өндіретін және өңдейтін кәсіпорындар қолданып жүрген технологияларды бір сәтте өзгерте қою мүмкін еместігі, олардың күрделі өндірістік және технологиялық кешен екендігі ескерілмеді. Өндіріс циклін өзгерту үшін қомақты капитал мен уақыт бөліп өндірісті сапалы түрде техникалық қайта құру қажет. Аталған тыйым он бір ай шамасында ықпалын жүргізді, ал осы уақытта мұнай-газ саласындағы кәсіпорындар қоршаған ортаға заңсыз эмиссия салғаны үшін 10 есе мөлшерде міндетті төлем төлеуге мәжбүр болды. 2005 жылдың соңында мұнай-газ өндіретін кәсіпорындар, үкіметтік емес ұйымдар және ҚР Үкіметінің өзінің ынтагерлігімен ел Парламенті бұл заңнамалық норманы оның жүзеге асу механизмдерін тағайындап қайта өзгертті. Әрине, жұртшылық үшін қолайлы экологиялық жағдай мәселесі қашан да маңызды, сөйтсе де бұл мәселені жер қойнауын пайдаланушылар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің құқығын бұзбайтындай етіп ойластырып шешкен жөн. Елдің заңнамалық базасы экономиканың тиімді дамуына жол ашуы керек, ал кездескен проблеманы заңмен тыйым салу жолымен ғана емес, салмақты теориялық талдауларға сүйеніп шешу қажет деп санаймыз. Қабылданған мемлекеттік шаралар шаруашылық субъектілерінің құқығына қысым жасауға бағытталмауы тиіс. Мұндай маңызды да шетін мәселеде жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарға түсушілердің бәрінің мүдделерінің үйлесімі әрқашан сақталып отырғаны жөн^[101]

Қазақстанда соңғы жылдары маңызды заңнамалық актілерді қайта қарау қызу жүргізіліп жатыр, қолданыстағы заңдарға көп мөлшерде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде.

Заңдармен басқан нормативтік құқықтық актілерді жиі өзгертіп, толықтыр беру олардың бастапқы мәнін, оларды әзірлеуден негіз болған философиялық тұғырдың маңызын жойып жіберетіні сирек құбылыс емес.

Соңғы бірнеше жылдың ішінде Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» және «Мұнай туралы» арнайы заңдарына бірнеше рет (12 рет) өзгертулер енгізілді. Өзінің мәні жағынан бұл өзгерістер салмақты құқықтық жаңалықтар еске алмайды, небары әртүрлі экономикалық және әлеуметтік міндеттерді, сондай-

ақкімшіліксіпаттағытұрлаусызмәселелердішешугебағытталды. Заңшығаруүрдісінде «Жерқойнауыжәнежерқойнауынпайдаланутуралы» ҚРЗаңына 1996 жылы 15 күнніңішінде (2006 жылдың 29 желтоқсанында, 2007 жылдың 9 және 12 қаңтарында) үшрееттолықтыруларменөзгертулеренгізілгенібелгілі.

Жоғарыдакөрсетілгенміндеттерменмәселелерзаңдарғаөзгертулерментолықтыруларенгізу жолыменемес, экономикалық, нарықтықмеханизмдердіқолдану, келісімшарттықтәжірибеніжетілдіружолыменшешілугетиістіболатын, қазір десолайболуғатиісті

Проблема заңды күші бар нормативті құқықтық актілерін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкестіру туралы. Қазір елімізде ҚР Үкіметі, министрліктер мен орталық басқа ведомстволар (Агенттіктер, Комитеттер т.с.с.), жергілікті өкілетті және атқарушы органдар қабылдаған заңды күші бар 250000-нан астам акт қолданыста. Осы нормативті құқықтық акт жобаларының даярлануын жоспарлау талаптарының сақталмауымен, сондай-ақ қолданыстағы заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін заң жобаларына тәуелсіз құқықтық сараптама жүргізу амалдарының жоқтығымен байланысты.

«Нормативті құқықтық актілер туралы» ҚР заңында мемлекетті органдардың құқық шығару қарекеті міндетті түрде жоспар негізінде жүзеге асып, белгіленген заңдық тәртіппен бектілуге тиіс екендігі туралы жалпы ереже берілген. Ережеде бір ғана ескерту бар: заңнамалық актілерді даярлау және жобасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне ұсыну кезіндегі Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы айырықша қаралады (2-тарау). Алайда заңның бұл талабы мемлекеттік басқа органдардың құқық шығару қарекеттерінде сақтала бермейді. Мәселен, жер қойнауы мен оны пайдалануда қолданылып жүрген заңдарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларының 70%-дан астамы үкімет жоспарлары бойынша даярланбаған, жобалар жер қойнауын пайдаланусаласында пайда болған түйткілдермен ағымдағы мәселелерді шешу қажеттігі туған кезде ұсынылып отырған. Осыған ұқсас жағдаят табиғатты пайдалану, лицензиялау, салық салу саласындағы қатынастарды реттеу үшін заң жобаларын даярлау істерінде де ұшырасады^[159].

Баяндалғандарды түйіндей келе, соңғы он жыл көлемінде қабылданған нормативті құқықтық актілер санының мол болуының өзі-ақ оларды ретке келтіру қажет екендігін байқататынын атап көрсетеміз. Қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру демократиялық, әлеуметтік және құқықтық мемлекеттің құрылуына жолашатын маңызды фактор болып табылады. Алайда, бір нәрсе айқын, бұл мақсатқа жетудің жолы нормативті құқықтық актілерді жаңадан әзірлей беру ғана емес. Нормативті құқықтық актілердің жобасын даярлау кезінде заң шығарушы бұрынғы заңдарға сүйеніп отыруы керек, жаңа қабылданған құқықтық акт қолданыстағы заңдарға сәйкесіп тұруы керек.

Мұнай-газ өндіру саласы - Қазақстан Республикасы экономикасындағы негізгі де анағұрлым қарқынды даму үстіндегі сектор. Нақ осы сала жалпы өнімдегі ұлттық табыстың, бюджет табысы мен елге түсетін валюталардың елеулі бөлігін қамтамасыз етеді. ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәліметі бойынша, Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы қордың алдын ала болжамданған көлемі 102 млрд баррель (14 млрд тонна).

Батыс аналитиктерінің есептері бойынша, құрлықтағы және теңіздегі мұнай мен газдың жиынтық қоры 9-дан 40 миллиардқа дейінгі шамадағы баррельді құрайды. Мұны ОПЕК-ке қатысушы елдердің - төменгі шегінде Алжирдің, жоғары шегінде Ливияның - мәліметтерімен салыстыруға болады^[272]. Солай десек те елдегі алынатын көмірсутек қорының 2/3 бөлігі бес кенорнының үлесіне тиеді: жартысынан көбі - Теңіз кенорнының қорлары; қалғаны құрылықтағы мұнай-газы бар басқа ірі төрт теліміне тиесілі, олар - Өзен және Қарашығанақ кенорындары, Жаңажол мен Құмкөлдегі кенорындар тобы. Болашағы зоры - Каспий теңізі қайраңы мен жағалау аймағы. Мәселен, 100 000 шаршы шақырым алаңды геофизикалық зерттеу нәтижесінде тек мұнайының өзі ғана 12 миллиард тоннадай болатын қоры бар деп

болжанған 96 құрылым белгіленді. Басқа өңірлердегі қорлардың шамасы да мұнан аз емес [273].

1993 жылдың 5 сәуірінде Теңіз жобасы бойынша негізгі құжаттардың тарихи пакетіне қол қойылып, «Теңізшевройл» қазақ-америка бірлескен кәсіпорны (ТШО) құрылды. Бұл кәсіпорынның алғашқы құрылтайшысы «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігі мен «Шеврон Оверсиз Компани» халықаралық энергетикалық корпорациясы болды да, жобаға қатысу үлесін 50%-дан бөлісті. 16 жыл ішінде бұл үлес бірнеше рет өзгерді, қазір оған үлестері әр түрлі төрт субъект қатысады: «Шеврон Оверсиз Компани», үлесі 50%, «ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясы» АҚ, үлесі 25%, «ЭксонМобил Казахстан Венчурз Инк.» корпорациясы, үлесі 20%, «ЛУКАРКО Б.В.» компаниясы (қазір «ЛУКОЙЛ» ресейлік компаниясына еншілес компания), үлесі 5%.

Қарашығанақ жобасы туралы.

Қарашығанақ кенорны Батыс Қазақстан облысында, мұнай мен газ конденсатының әлем бойынша ірі кенорындарының бірі, ауданы 280 шаршы шақырым, болжам бойынша 1,2 млрд тонна мұнай мен конденсат және 1,35 триллион куб метр газы бар. Кенорнын өнеркәсіптік тұрғыдан игеру 1984 жылы басталды, қазіргі уақытта «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (Karachaganak Petroleum Operating B.V.) халықаралық консорциумының иелігінде пайдаланылады. Бұл консорциумды «BG Group» (Ұлыбритания), «ENI» (Италия) әрқайсының үлесі 32,5%-дан, «Chevron» 20% үлеспен, «ЛУКОЙЛ» (Ресей) 15 % үлеспен басқарады. Бұл жобада Қазақстан Республикасының үлесі жоқ. «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (КПО) консорциумының жұмысы 1997 жылдың 18 қарашасында жасалған «Қарашығанақ газ конденсаты кенорнындағы мердігерлік телімнің өнімін бөлісу туралы соңғы келісім» негізінде орындалуда. Бұл Келісім ҚР Үкіметінің 1998 жылдың 12 қаңтарындағы арнаулы № 5 Қаулысымен бекітілді. ӨБК шарттары бойынша, кенорны консорциум басқаруына 2038 жылға дейін берілген.

Қашаған - Атырау қаласының маңында, Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қайраңда орналасқан, көмірсутек шикізатының көлемі жағынан дүние жүзінде бесінші орын алатын кенорны. Теңіздің жағасынан аса алыс емес таяз айдында болғандықтан кейде бұл кенорнының аумағын «Каспий теңізі жағалауынан ары» орналасқан деп те есептейді. «Agir Kazakhstan North Caspian Operating Company» (Agir KCO) консорциумының бағалауынша, кенорнынан алынатын мұнай қорының өзі-ақ 13 миллиард баррельді құрайды, ал жалпы геологиялық қоры 38 миллиард баррель шамасында.

Бұл кенорнын игерудің құқықтық тірегі - 1997 жылдың 18 қарашасында Қазақстан Республикасымен жасаған «Солтүстік Каспий бойынша өнім бөлісу туралы келісім». Бұл жобаның жолы жеңіл болмай тұр: 10 жыл бойы ӨБК-ге өзнертулер мен толықтырулар енгізіліп келеді [275], мердігерлер я олардың жобадағы үлесі, басқару жүйесі өзгере береді, өндіруді бастау бір жылдан келесі жылға ысырылып келеді. «ҚазақМұнайГаздың» пікірінше, мұнайды толық ауқымда коммерциялық тұрғыдан өндіру ісін 2013 жылдан бергі уақытта бастауға мүмкіндік жоқ. Мұндай ахуалға себеп ретінде жобаға операторды дұрыс таңдамауды, техникалық-экономикалық негіздемелердегі кемшіліктерді көрсетуге болады.

Қазіргі уақытта бұл ӨБК-ге мынадай компаниялар тарап ретінде қатысып отыр: «Филипс Петролеум Казахстан Лтд», «Аджип Каспиан Си Б.В.», «ЭксонМобил Казахстан Инк.», «Импекс Норт Каспиан Си Лтд.», «КМГ Кашаған Б.В.», «Шелл Казахстан Девелопмент Б.В.», «Тоталь ЭиП Казахстан» және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ.

Қазіргі құқық ғылымында тиісті шешімін таппай жүрген анағұрлым күрделі мәселелердің қатарына мыналар жатады: жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарды жаһандану үдерісі мен мемлекеттің нарықтық экономика жағдайында дамуы тұрғыларынан кешенде түрде зерттеу; жер қойнауын пайдалану саласындағы құқықтық қатынастарды реттеу қағидаттарын анықтау және ғылыми тұрғыдан негіздеу; жер қойнауын пайдалану құқығын заттық құқық жүйесіне енгізу және оған азаматтық заңнаманың әсері туралы мәселе; жер қойнауын пайдаланудың тарихи-құқықтық қырлары және олардың даму үрдістерінің мәселелері; жер қойнауын пайдалану мен басқарудағы мемлекеттің рөлі мен

орны туралы мәселелер; Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдаланумен байланысты халықаралық құқықтық міндеттемелерін талдау; жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының инвестициялық элементтерін талдау.

Өтпелі экономикасы бар Қазақстанда жер қойнауын ұтымды игеру мен қорғауға септесетін, өзін-өзі реттейтін нарықтық механизмдер мен минералды шикізат ресурстарын тұтыну және үнемдеуді мемлекеттік қолдаудың табиғи сабақтастығын қамтамасыз ететін, бір жағынан, мемлекет мүдделерінің, екінші жағынан жер қойнауын пайдаланушы мен инвесторлардың мүдделерінің теңдестігіне қол жеткізетін мемлекеттік реттеу формаларын жүзеге асыру қажет.

Ұсынып отырған жұмыста жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану заңнамасының жетімсіздігі, тұрақсыздығы, қайшылықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының осы саладағы қазіргі заңдарының нормаларының мәтін түзіміндегі елеулі қателіктерге айырықша зейін қойылды. Осының нәтижесінде Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің жаңа тұжырымдамалық деңгейде әзірленген жобасы; Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» мен «Мұнай туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарының кейбір баптарының редакциясына қатысты қазіргі заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасалды.

Сондай-ақ келісімшарт қағидаларының тұрақтылығы, инвесторларды қорғау, жер қойнауын пайдалану саласындағы дауларды шешу жөніндегі мәселелердің қойылысы да бүгінгі күн талабынан шығып отыр.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері, біздің пікірімізше, ғылыми тұжырымдамалық деңгейге шыға алады. Олай дейтініміз - ұсынып отырған еңбегіміз қазіргі қазақ құқықтық ғылымында жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы құқық жүйесіндегі проблемаларды жарыққа шығару мен шешім табудың алғашқы талпынысы болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер

1. Назарбаев Н.А., Через кризис к обновлению и развитию. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. - Алматы: Юрист, 2009. - 22 с.
2. Конституция Республики Казахстан, принятая 30 августа 1995 года на республиканском референдуме. // Справочно-правовая система «Юрист». // 01.02.2010.
3. Отчет Национального Банка Республики Казахстан о поступлениях и использовании Национального Фонда Республики Казахстан за 2008 год. - Интернет-сайт Национального Банка РК: www.nationalbank.kz. // 01.02.2010.
4. Интернет-сайт: www.curs.kz/koncepcia_ustojchivogo_rasvitiia. // 10.05.2010.
5. Шершеневич Г.Ф., Общая теория права (по изданию 1910-1912 гг.). Том 1. - М., 1995. - 308 с.
6. Алексеев С.С., Философия права. - М., 1997. - 329 с.
7. Нерсисянц В.С., Проблемы теории права. - М., 1999. - 535 с.; Четвернин В.А., Общая теория права., М. 1987. - 427 с.
8. Стертерн Пол, Библиотечка «Вся мировая философия, просто о сложном», серия об Аристотеле, Сократе, Платоне и Цицероне. - М., 2004. - 87 с.
9. Алексеев С.С., Философия права. - М., 1999. - 335 с.
10. Нерсисянц В.С., Проблемы общей теории права и государства. - М., 2001. - 813 с.
11. Мицкевич А.В., Общая теория права. - М., 1997. - 383 с.
12. Леушин В.И., Теория государства и права. - М., 2009. - 484 с.
13. Рассказов Л.П., Теория государства и права. - М., 2009. - 463 с.
14. Кузнецов В.Н., Философия права Иммануила Канта. - Вестник Московского государственного университета. Серия 7. Философия. № 3, 1999. - С.14-30.
15. Алексеев Н.Н., Основы философии права. - СПб., 1998. - 365 с.
16. Мухитдинов Н.Б., Основы горного права. - Алма-Ата, 1983. - 247 с.

17. Мухитдинов Н.Б. и С.П.Мороз С.П., Горное право в Республике Казахстан. - Алматы, 2004. - 224 с.
18. Певзнер М.Е., Горное право. - М., 2009. - 376 с.
19. Манин Я.В., О некоторых вопросах правового регулирования горного дела». - М., 2008. - 73 с.
20. Клюкин Б.Д., Интернет сайт: <http://eyu.sci-lib.com/article>. // 08.09.2009.
21. Перевалов В.Д., Теория государства и права. - М., 2009. - 484 с.
22. Лейст О.Е., Общая теория права. - М., 1997. - 384 с.
23. Морозова Л.А., Теория государства и права. -М., 2009. - 477 с.
24. Перевалов В.Д., Теория государства и права. - М., 1998. - 559 с.
25. Указ Президента Республики Казахстан «О Национальном Фонде Республики Казахстан» от 23 августа 2000 года № 402. // Справочно-правовая система «Юрист». // 2010. // 15.03.2009.
26. Матюхин А.А., Социальная политика и проблема повышения эффективности управления в государстве. // Научные труды «ЭДЛЕТ». - 2002. - № 2(12). - С.124-125.
27. Закон Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» от 27 января 1996 года № 2828. // Справочно-правовая система «Юрист». // 15.03.2009.
28. Закон Норвегии «О нефтяной деятельности» от 22 марта 1985 года № 11. // Интернет-сайт: www.yabloko.ru/Publ/Norway. // 05.04.2009.
29. Интернет-сайт: www.ru.wikipedia.org. // 05.04.2009.
30. Веттерберг Г., Новое общество. О возможностях общественного сектора.

ӘОК 343.9

ҚЫЛМЫСКЕР ТҰЛҒАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Ибрагим Тоғжан Ахметжанқызы

gylim88@mail.ru

Құқық және бизнес факультетінің 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: з.ғ.м., аға оқытушы Г. К. Отыншиева
«Болашақ» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан

Кез келген әрекеттің түрі, оның ішінде қылмыстық әрекет, көбінесе, қылмыскердің психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Қылмыстық іс жүргізу заңы заттай дәлелді, айыпталушының жауапкершілігінің мәні мен дәрежесін айқындауды талап етеді. Дегенмен, осы күнге дейін тәжірибеде айыпталушы тұлғасын сипаттайтын жағдайлар жетерліктей толық дәрежеде анықталмаған. Сондықтан қылмыскер тұлғасының айрықша белгілерін айқындау заң психологиясының маңызды міндеті болып табылады. Қылмыскер тұлғасын тек психология емес, сонымен қатар қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, криминология мен криминалистика салалары да жан-жақты зерттейді. Қазіргі уақытта криминологиялық зерттеулерде қылмыскер тұлғасының басты орындардың бірін алатыны шүбәсіз. Қылмыскер тұлғасын зерттеуде әлеуметтанулық аспект басым екенін байқаймыз. Бірақ, тек әлеуметтанулық әдістер арқылы қылмыстық мінез-құлықты түсіндіруге болмайды; бірақ онсыз алдын алудың тиімді шараларын ұсыну мүмкін емес. Қылмыскер тұлғасы философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық, этикалық және т.б. пәндердің аралық объектісі болуға тиіс. Қылмыскер тұлғасының ерекшелігі мен мәнін ашуға және қылмыстық мінез-құлықты түсіндіруге көмек беретін барша ғылымдардың арасында психологияның маңызы ерекше. Психология – адамның психикалық өмірінің фактілері, механизмдері және заңдылықтары туралы ғылым. Ол қылмыскер тұлғасын түсіндіруге, оның қалыптасу проблемасын зерттеуге үлкен мән береді. Өйткені, тек осы мәселені шешу арқылы ғана адамның қылмыстық жолға не себепті түсетінін анықтай аламыз[1, 23-б.].